

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2 «А» класында 2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

Оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспары жасалды. Сынып сағатының тақырыптары әр тоқсанға бөлініп, бекітілді. Жыл бойына жоспарланған сынып сағаттары мезгілінде өткізілді.

1 қыркүйек күні «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында алғашқы сынып сағаты өткізілді. Білім күнінде өткізілген сынып сағатында оқушыларға мектеп ережесі туралы айтып, еңбексүйгіштік, отаншылдық туралы оқушыларға мәлімет берілді.

«Отбасы-бақыт мекені» сынып сағатында оқушыларға отбасы құндылықтары туралы айтылды, отбасы туралы мақал-мәтелдерге түсіндірме жұмысы өткізілді.

«Туған тілім-өз тілім» сынып сағатында ана тіліміздің құдіреттілігін дәріптеген акын-жазушылардың шығармаларына тоқталып, сүйікті акындардың тіл туралы өлеңін жатқа айтты.

Оқушыларды еңбектің маңыздылығын ұғындыру мақсатында «Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Еңбектің наны тәттілігі туралы мақал-мәтел, ертегілер айтылды.

Балаларға жолда жүру ережесін түсіндіру мақсатында «Көше күтпеген оқиғаға толы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында оқушыларға жолда, көшеде жүру кезінде жол ережесін сақтау керектігін айтылды.

Қазан айында «Қарттарым асыл қазынам!» атты тәрбие сағатында отбасының алтын дінгегі ата мен әжені құрметтеу, үлкенді сыйлау керектігі айтылды.

«Өз жерінді таны» тәрбие сағатында Байғанин ауданының арихы туралы айтылды. ауданымыздан шыққан акын-жазушыларды таныстырылды.

«Әдептілік-әдемілік» атты тәрбие сағатында оқушылардың көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы, мектеп формасына сай киініп, таза жүрудің өзі әдемілікке, әсемдікке жататынын ескертілді.

«Әлеуметтік желі мәдениеті» атты ақпараттық сабақ өткізілді. Әлеуметтік желіні пайдалану барысында мәдениетті жазып, тиімді жағына пайдалана білу керектігін түсіндірдік.

Қараша айында «Астана менің мақтанышым» атты тәрбие сағатында астанамыздың ерекшелігі туралы видеоролик көрсетілді, сурет салды.

«А.Байтұрсынов -150 жыл» толуына орай өткізілген тәрбие сағатында акын, жазушының өмірбаянымен таныстырып, шығармаларына тоқталдық.

«Жаяу жүргінші өтпелері» тақырыбында өткен тәрбие сағатында оқушыларға жолда жүру ережелері туралы айтылды.

«Тәуелсіздік –елдігімнің тұмары, ерлігімнің шынары» атты тәрбие сағатының мақсаты тәуелсіздігіміздің тұғырының биік болуы үшін ерлік жасаған аға апаларымыздың еңбектері туралы айтылды. Тәуелсіздік туралы акындардың өлеңдерін мәнерлеп оқудан жарыс өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай «Төрлет, Жаңа жыл!» атты мерекелік шара өткізілді. Оқушылар ән айтып, би билеп мерекелік кешті өте жақсы өткізді.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, кітаппен дос болуға ынталандыру аясында «Кітап-ақылшын, әрі досын.» атты тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылармен қандай кітап оқып жүргендігі туралы әңгімелеп, оқуға болатын кітаптар туралы кеңес берілді.

«Сүйкімі дүниенің сұлулықта» тақырыбында өткен тәрбие сағатында оқушыларға бізді қоршаған табиғаттың сұлулығы жөнінде айтылды.

Қаңтар айында «Адамға қуаныш сыйла» сынып сағатында айналамыздағы адамдарға қуаныш сыйлау жақсы амалдардың бірі екендігін айтып, жанымызда жүрген адамға жақсылық сыйлау керектігі айтылды.

«Қоқыссыз әлем» атты сынып сағатында тақырып бойынша сурет салып, шығарма жазылды. Оқушыларға қоршаған ортамызды таза ұстау керектігі туралы мәлімет берілді.

Ақпан айында «Қазақстанның киелі орындары» атты танымдық сағат өткізілді. Оқушыларға еліміздің көрікті жерлері туралы бейнеролик көрсетілді. «Қыс қызығы» тәрбие сағатында қыс мезгілінің кереметтерін сурет байқауы түрінде өткізілді.

«Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу» атты жолда жүруге арналған тәрбие сағатында оқушыларға қоғамдық көлікте сақталатын ережелерді еске түсірдік.

«От пен су тілсіз жау» атты сынып сағатында балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау үшін, тыйым салынған заттарды ата-ананың ұлықсатынсыз пайдаланбау керектігі туралы айтылып, бейнеролик көрсетілді. Наурыз мерекесі мерекеге толы ай. «Қайырымды кершіме рақмет!» тақырыбында 1 Наурыз-Алғыс айту күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Жанымызға жақын жандарға алғыс айту парызымыз екендігін ұғындыру болды.

Аналар мерекесіне орай «Анаға тағзым!» атты сынып сағатын мерекелік шара ретінде өткізілді.

Оқушылардың білім сапасын жақсарту мақсатында «Тәуелсіздік ел тірегі-білімді ұрпақ» тақырыбында тәрбие сағаты сайыс сабақ түрінде өткізілді.

«Қай жерден ойнауға болады және қай жерден ойнауға болмайды» тақырыбында оқушыларға көшеде жол ережесін сақтап жүру керектігі айтылды.

«Менің Отаным – Қазақстан» танымдық сабағында Қазақстан елінің әсем табиғаты туралы айтылды.

«Біз табиғатты қорғаймыз» сынып сағатында көктем кезінде табиғатта болатын өзгерістерді айта отырып, жылы жақтан ұшып келген құстарға қамқорлық жасау керектігі айтылды.


«Спорт біздің серігіміз» атты сынып сағатының мақсаты спортпен шұғылдану денсаулыққа пайдалы екендігі айтылды. Мамыр айында «Ұлттар достастығы» атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатында Қазақстан көп ұлтты екендігі, ұлт өкілдерінің елімізде ынтымақта, достықта өмір сүріп жатқандығы туралы айтылды.

Ұлы жеңіс мерекесі қарсаңында «Мәніпүк Мәметоваға 100 жыл» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Батыр апамыздың ерлігі жайлы сыр шертіліп, мәлімет жинақталды.

Жыл соңында «Ойлы бала озады» тақырыбында танымдық сайыс өткізілді. Класс оқушыларына жаппай сұрақ қойылып, көп балл жинаған 4 оқушы келесі кезенге өтіп, жарысты жалғастырады. Берілген сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап берген оқушы «Ойлы бала» атанады.

Қортынды тәрбие сағатында оқушылардың жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелерін сақтауы айтылып, жазғы демалыста уақытты тиімді өткізіп, кітапханаға баруға кеңес берілді. Жыл бойына класс оқушылары түрлі байқауларға қатысып жүлделі орындармен марапатталды.

Түйін: Тәрбие жұмысында жоспарланған мақсаттар орындалды, күтілген нәтижеге жеттім. Осылайша жүргізілген тәрбие шаралары, ата-аналарымен жұмыс оқушылардың таным, білімінің шыңдалуына үлес қосты.

Класс жетекшісі  Р. Дауылбаева